

**Ертістің ержүрек ұлы  
Қабыш Көктаев әскерге  
1942 жылғы қаңтарда  
Ертіс ауданының әскери  
комиссариатынан  
шақырылып, 1-ші Украина  
майданының 60-шы арми-  
ясы құрамында соғысқан.  
280-ші Қызыл Тулы Су-  
воров орденді Конотоп-  
Коростень атқыштар  
дивизиясындағы 1033-ші  
полктің 5-ші атқыштар ро-  
тасы командирі, гвардия  
аға лейтенанты Қабыш  
Көктаевтың жалынды  
жауынгерлік жолы –  
ерліктің ерен үлгісі.**



# Қаһарман Қабыш

Жанаргүл ҚАДЫРОВА

Қаһарман Қабыш жайлы деректерді редакциямызға ұсынған – оның ауылдасы Ақан Жүнісов. «Жауынгер кезінде Кеңес Одағының Батыры атағына өкі рет ұсынылып, ала алмай қалды деп еститін едім. Бір рет ұсынылғанын растайтын дерек архив мәліметтерінде бар екен», - деді Ақан Исләмұлы.

1-ші Украина майданына дейін Брянск, Орталық, Воронеж майдандары жолымен жүріп өткен қаһарман қазақтың ерлік шежіресіне үңілсек, ол 1944 жылы қарамағындағы сарбаздарды Украинаның Шепетовка қаласы үшін болатын шайқасқа табанды әзірлеуге күш-жігерін салады. 10 ақпан күні қаланың солтүстік-шығыс жағынан немістің бекінісін бұзып кіріп, өздері сонда бекінеді.

Гвардия аға лейтенанты өз ротасына әрдайым бойындағы жігері, қайтпас қайсарлығымен үлгі көрсетіп отырды. Қабыштың қаһармандық тұлғасынан қаруластары рухтанушы еді. Және ол шайқас кезінде ақыл мен айланы бірдей қолданып, рота алдындағы жауынгерлік тапсырманы сәтті орындай білетін. Қабыштың шебер басқаруымен небір

жеңістерге жеткен 5-ші ротаның талай сарбазының өңірінде түрлі наградалар жарқырады.

Осы Шепетовка қаласы үшін шайқаста олар немістің бір рота солдатын шашыратып, біраз бөлігін жер жастандырды. Электр жабдықтары сақтаулы қойманы да қолға түсірді. Бұл жолы Қабыштың өзі үш фашисті жойды. Ақыры үш қарсы шабуылдың бетін қайтарған 5-ші рота 11 ақпанда қалаға ие болды.

1944 жылғы 2 тамызда ол басқарған рота Польшаның Краков воеводына қарайтын Гренбуг, Тарнобжег селолары үшін шайқасты бірінші болып бастап, дұшпанның қатты қарсылығына қарамастан, әскери тапсырманы адал орындап шығады. 3 тамызда дәл осы аумақтың теміржол станцияларын азат ету жолында немістің үш бірдей қарсы шабуылын тойтарып, діттеген жерді басып алады. Сөйтіп, рота Висла өзенінің оң жағалауына бекінеді. 6 тамызда рота жаңбырша төпеп тұрған оқ астымен басты бөйгеге тігіп, Висла өзенінен өтуі керек еді. Осы кезде Қабыштың жігіттері тәуекелге бел байлап, қолға түскен заттарды құрастырып, сал жасайды. Осылайша, рота түн ішінде Висланың батыс жағалауына бірінші болып жетіп, бекініп алады. Дұшпанның қарсы шабуылы кезінде жаудың 100 офицері мен солдаттың көзі жойылды.

1945 жылдың басында Қабыштың ротасы батальон командирінен Одер өзенінің Лойбус дорф, Крайс Валяу,

Силезия елді мекендерінің тұсындағы бөлігінен өтіп, бекініс құру туралы тапсырма алды. Өзенге дейінгі жолдың жай-жапсарын өзі барлап қайтқан Көпбаев жеке құрамды тапсырмамен таныстырды. Бұл қаңтардың 27-сінен 28-іне қараған түн болатын. Жаудың пулемет оғы борап тұр. Оған қарайтын мұрша бар ма?! Екі станоктік пулеметтен қарсы оқ жаудырып, сарбаздар сол жағалауға шықты. Бұл ұрыс та олжалы болып, гранатамен жаудың 2 пулеметі жермен-жексен өтілді. Сонымен қатар, жаяу әскердің бір ротасы жойылды. Батальонның негізгі күшінің келіп жетуін күтпестен, командир Көктаев ротаны шабуылға бастап шықты. Бір күннің ішінде 5-ші рота плацдарм аумағын 4 шақырымға дейін ұлғайтып, дұшпанның 3 жеңіл, 5 газбен жүретін көлігін қолға түсіріп, 10 солдатты тұтқындады.

Осы ерліктері үшін ержүрек жауынгер I дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз», Жауынгерлік «Қызыл Ту» ордендерімен және Ленин орденімен наградталған.

1944 жылы Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанымен, сол кездегі билік бұл атақты көпсініп, «Қызыл Жұлдыз» орденін берумен шектелген.

Өкініштісі, қаһарман жауынгер Жеңіске санаулы күн қалғанда – 1945 жылғы 20 сәуірде опат болды. Майданға Иса Байзақов ауылынан аттанған Қабышқа топырақ Польша елінің Зорау қаласындағы офицерлер зиратынан бұйырды.